

Исаева А.И.¹, Қалыш А.Б.²

¹Т.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Қазақ мемлекеттік педагогикалық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: aliyaisaeva77@mail.ru

²Т.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: kalyshamanzhol@gmail.com

**XIX ғ. АЯҒЫ – XX ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ ЗЕРТТЕУЛЕРІНІҢ ДАМУЫ**

Ресей империясының түрлі аймақтарын, оның ішінде революцияға дейінгі Қазақстанды көпшілікке таныту ісінде 1898–1914 жж. В.П. Семенов редакциясымен және Иператорлық Орыс Географиялық қоғамының (ИОГК) вице-төрағасы П.П. Семенов-Тянь-Шанскийдің және профессор, ОГК этнография бөлімінің төрағасы В.И. Ламанскийдің жетекшілігімен жарық көрген «Россия. Полное географическое описание нашего отечества» атты 19 томдық басылымның алар орны ерекше. Бұл басылымның XVIII-томы «Қырғыз аймағы» (1903 ж.), оның ішінде Дала генерал-губернаторлығының Орал, Торғай, Ақмола, Семей және Жетісу облыстарына; XIX-томы «Түркістан аймағы» (1913 ж.) Памир және Түркістан генерал-губернаторлығының Әмудария бөлімімен бірге Сырдария, Зерафшан, Ферғана облыстарына арналған, басылымға жауапты В.И. Масальский болды. Қазақстанның жергілікті өлкелерін зерттеуде осындай құндылық еңбектердің қатарына – көп томдық «Қырғыздардың (қазақтардың) жер иелену бойынша мәліметтері» жатады. Аталмыш басылымдардың дайындалуы мен басылып шығарылуына XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы Ресейдің әйгілі ғалымдары ат салысты. Оларда да тек фауна мен флораға қатысты мәліметтер ғана беріліп қоймай, сонымен қатар қалалар, бекіністер, жергілікті көрікті жерлер мен табиғи байлықтар, темір жолдар, пошта таситын даңғыл жолдар, станциялар жайлы маңызды географиялық және тарихи-өлкетанулық мәліметтер беріліп, арақашықтығына дейін көрсетілген. Аса зор қызығушылық тудыратыны – ең алдымен қазақтардың шаруашылығына, санына, этникалық және ру-тайпалық құрамына, тұрғылықты және келімсек славян және еуропалық халықтардың күнделікті тұрмысына, өмір салтына, рухани және материалдық мәдениетіне, кәсібіне қатысты этнографиялық мәліметтер. Бұл басылымдарда басқалары сияқты мәтін арасында және жеке парақтарда кәсіби түрде орындалған көрнекіліктермен жабдықталған, әр томның соңында сипатталып отырған аймақтардың бүктемелі картасы бар.

Түйін сөздері: Қазақстан, тарихи өлкетану, Орыс императорлық географиялық қоғамы, Қырғыздардың (қазақтардың) жер иеленуі.

Isayeva A.I.¹, Kalysh A.B.²

¹Ph.D., Ass.Prof.Dr. Kazakh National Woman Pedagogical University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: aliyaisaeva77@mail.ru

²Doctor of historical sciences, professor of the Al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: kalyshamanzhol@gmail.com

**Development of Historical-Local Research in Kazakhstan in the Late
of the XIX – the Beginning of the XX centuries**

A special place in popularization matter of various territories of the Russian Empire, including pre-revolutionary Kazakhstan, belongs to the 19th volume edition of “Russia. A complete geographical description of our fatherland”, published in 1898–1914. edited by V.P. Semenov and under the general supervision of P.P. Semenov-Tyan-Shansky, the vice-chairman of IRGS and V.I. Lamansky, Professor, the chairman of IRGS Ethnography Department. The 18th volume of this publication is dedicated to “Kyrgyz Krai” (1903), including Ural, Turgai, Akmola, Semipalatinsk and Semirechye oblasts of Stepnoy General Governorship; the 19th volume – “Turkestan Territory” (1913) in Syrdarya oblast with Amu Darya depart-

ment, Zerafshan and Ferghana oblasts with the Pamirs of Turkestan governor general, V.I. Masalsky was responsible for the publication. The same importance in the study of historical local lore of Kazakhstan is the publication of a multi-volume “Materials on the Kyrgyz (Kazakh) land use”. Well-known scientists of Russia from the second half of the nineteenth and early twentieth centuries took part in the preparation and publication of this multivolume editions. In these editions contained not only data on fauna and flora, but also significant geographic and historical local lore data on cities, fortresses, local sights and natural wealth, as well as on railways, postal routes and stations on them, indicating the distances between them. Ethnographic data show significant interest, which, first of all, concern the cattle-breeding, number of Kazakh ethnic and tribal composition, everyday life, spiritual and material culture, crafts and occupation of the indigenous and alien Slavic and European populations. In these editions, as well as others, were provided with a considerable number of professionally executed illustrations in the text and on separate sheets, at the end of each volume there was a folding map of the region described.

Key words: Kazakhstan, historical local lore, Imperial Russian Geographical Society, Materials on Kyrgyz (Kazakh) land use.

Исаева А.И.¹, Калыш А.Б.²

¹к.и.н., ассоциированный профессор, Казахский государственный женский педагогический университет, Казахстан, г. Алматы, e-mail: aliyaaisaeva77@mail.ru

²д.и.н., профессор Казахского национального университета имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: kalyshamanzhol@gmail.com

Российские историко-географические издания по казахстану в конце XIX – начала XX века

Особое место в деле популяризации различной территории Российской империи, включая и дореволюционного Казахстана принадлежит 19-томному изданию «Россия. Полное географическое описание нашего отечества», опубликованной в 1898–1914 гг. под редакцией В.П. Семенова и под общим руководством П.П. Семенова-Тян-Шанского, вице-председателя ИРГО и профессора В.И. Ламанского, председателя Отделения этнографии ИРГО. XVIII том этого издания посвящен «Киргизскому краю» (1903 г.), в том числе Уральской, Тургайской, Акмолинской, Семипалатинской и Семиреченской областям Степного генерал-губернаторства; XIX том – «Туркестанскому краю» (1913 г.) в составе Сырдарьинской области с Амударьинским отделом, Зерафшанской и Ферганской областей с Памирами Туркестанского генерал-губернаторства, ответственным за выпуск которого был В.И. Масальский. В подготовке и выпуске указанного многотомного издания приняли участие известные ученые России второй половины XIX – начала XX веков. В обоих томах содержались не только данные по фауне и флоре, но и значительные географические и историко-краеведческие сведения о городах, крепостях, местных достопримечательностях и естественных богатствах, а также о железных дорогах, почтовых трактах и станциях на них, с указанием расстояний между ними. Значительный интерес представляют этнографические сведения, которые, в первую очередь, касаются численности, этнического и родоплеменного состава казахов, повседневного быта, жизнедеятельности, духовной и материальной культуры, промыслов и занятий коренного и пришлого славянского и европейского населения. Эти издания, равно как и другие, были снабжены значительным количеством профессионально выполненных иллюстраций в тексте и на отдельных листах, в конце каждого тома имелась складная карта описываемого региона.

Ключевые слова: Казахстан, историческое краеведение, Русское Императорское географическое общество, материалы по киргизскому (казахскому) землепользованию.

Кіріспе

Ресей Ғылым академиясы, Орыс императорлық географиялық қоғамы, Орыс археологиялық қоғамының шығыс бөлімі, Мәскеу университеті жанындағы жаратылыстану, антропология және этнография қоғамы, Түркістан үйірмесінің археология және мұражайтанудың әуесқойлары және т.б. ғылыми мекемелердің қызметкерлері революцияға дейінгі бүкіл Қазақстанға және оның жеке аудандарына қатысты

тарихи, өлкетанулық, сәулет өнері бойынша мәліметтерді жинауда, кітаптарды басып шығаруда едәуір үлес қосты.

Біз қарастырған мәселе революцияға дейінгі В.В. Бартольд, П.П. Семенов Тянь-Шанский, В.И. Ламанский, А.Н. Седельников, Т.П. Белоногов, П.Н. Столпянский, Ф.А. Щербина, П.А. Скрыплев, П.П. Румянцев, П.А. Хворостанский, В.К. Кузнецов, А.В. Переплетчиков және т.б. басқа зерттеушілердің басылымдарында жан-жақты көрініс тапты.

Теориялық және әдіснамалық негізі

Мақала ғылыми объективтілік пен салыстырмалы-тарихи қағидаға сүйенеді, оларды сақтау зерттеліп отырған хронологиялық кезеңмен байланысты, ал бұл өз алдына зерттеу пәнін нақты үдерістер мен құбылыстармен өзара қатынаста қарауға көмектеседі. Осы ретте ғылыми шынайылық верификация қағидасының көмегі арқылы орындалады. Аталған қағидаларға сүйену, және зерттеуде қойылған міндеттерді жалпылық, ерекшелік, жеке тұрғы тарихи және логикалық бірегейлік негізде бағалау, мақалада пайдаланылған материалдарды деректанулық және тарихнамалық талдауларды жүргізуде қажетті база болып табылады.

Негізгі бөлім

Қаралып отырған кезеңнің ғалымдары арасында танымал шығыстанушы және түркітанушы ғалым В.В. Бартольдтың (1869-1930 жж.) Шығыс, Орта Азия және Қазақстан тарихы бойынша 400-ден астам жұмыстары жүйеленіп, 1963-1977 жж. тоғыз томдық шығармалары ретінде қайта басылып шықты (Бартольд, 1966-1977). Санкт-Петербург университетінің Шығыс факультетінің түлегі араб, парсы, түрік, татар тілдерін кеңінен меңгерген Василий Владимирович «Түркістан археология әуесқойлары үйірмесінің» (1895–1917 жж.), «Туркестанские ведомости» (1893-1917 жж.) апталығының белсенді қатысушысы, әрі авторы болған.

Ол 1893 жылы Санкт-Петербург университетінің, сондай-ақ Ресей Ғылым академиясының тапсырмасы бойынша Сырдария, Жетісу, Семей және Қытайдың батыс провинцияларындағы ежелгі ескерткіштерін зерттеу үшін жіберілді. Сапар барысында жас ғалымның жанында суретші С.М. Дудин мен Таврия ғылыми академиялық комиссиясының мүшесі Э.П. Ковалев та болды. Шымкент және Әулиеата уезінің Шу және Талас өзендері аралығындағы археологиялық нысандарының тарихи-археологиялық зерттеулері В.В. Бартольдтың «Ғылыми мақсатпен 1893-1894 жж. Орталық Азияға сапары» ғылыми есебінде нақты көрініс тапты (Бартольд, 1966: 19-94). Бұл басылымның ғылыми құндылығы сипатталған ежелгі және ортағасырлық қалалардың барлық қирандылары, осы аймақтың керуен жолдарының бағыттары араб, парсы және түрік дереккөздерімен, сондай-ақ шығыстанушылар мен археологтар П.И. Лерх, В.А. Каллаур және т.б. ғалымдардың

мәліметтерімен салыстырылғандығында. Әсіресе, В.В. Бартольдтың Қазақстанның оңтүстік өңірлері, Жетісу және Орталық Азия қалаларының тарихи топографиясын жасауда, олардың генезисі мен орналасуын зерттеуде үлкен үлес қосты.

Ресей империясының әртүрлі аймақтарын насихаттауда 1898–1914 жж. жарық көрген Императорлық Орыс Географиялық қоғамының вице-төрағасы П.П. Семенов Тянь-Шаньскийдің жетекшілігімен, Этнография бөлімінің төрағасы профессор В.И. Ламанскийдің және В.П. Семеновтың редакциясымен 19 томдық «Россия. Полное географическое описание нашего отечества» атты басылымының алатын орны ерекше. Барлық жарық көрген томдарда суреттер, сызбалар, карталар және диаграммалар қатар, аймақтардың табиғи және табиғи жағдайлары туралы, қалалар, бекіністер, елді мекендер, жергілікті жерлер мен табиғат байлықтары, кәсіптер, қолөнер, күнделікті өмір және мәдениет туралы жергілікті және шетелдік еуропалық халықтың мәдениеті туралы құнды географиялық және этнографиялық мәліметтер көп. Сонымен қатар, темір жолдар мен пошта трактылар мен станциялары, олардың арақашықтығы туралы толық ақпарат көрсетіледі. Бұл томдарда, сондай-ақ басқалары сияқты мәтіндері және жеке парақтары кәсіби түрде орындалған иллюстрациялармен жабдықталған, әрбір томның соңында сипатталған аймақтың қаптау картасы берілген.

1903 ж. XVIII-шы томында жарияланған «Қырғыз (Қазақ) өлкесі» – Орал, Торғай, Ақмола, Семей және Жетісу өңірлеріне арналған. Аталған том 3 бөлім, 9 тараудан тұрады. А.Н. Седельников дайындаған «Халық» атты 2 бөлімі, оның ішінде «Қазақ өлкесінің аумағы, этникалық құрамы, мәдениеті мен тұрмысы, кеңістігі мен әкімшілік бөлінісі» атты тараушасы қызығушылық танытады, қалалардың өсуі, қазақ және орыс халқының тығыздығы және т.б. туралы толық мәліметтер қамтыған (Россия, 1903: 175-221). «Жол қатынастары» бөлімінде – өзен жолы, ежелгі топырақ жолдары, заманауи басты жолдар, темір жол, өлкенің қатынас жолдармен қамтамасыздығы жайлы айтылған.

Екі тараудан тұратын «Тамашаланған елді мекендер мен жерлер» атты бөлім зерттеушілер үшін үлкен қызығушылық тудырды. «Қырғыз (Қазақ) өлкесінің Батыс бөлігі» А.Н. Седельников және В.П. Семенов құрастырылған атты бірінші тарауында Орал қаласы, Орал-Покровка теміржолы, Гурьев жолы, Сарайшық станицасынан Үстірт пен Хиуаға апаратын жол, Орал-

Ойыл жолы, Ойыл және одан кететін дала жолдары, Орал-Орынбор жолы, Орынбор-Ташкент теміржолы, Қазалы-Орск теміржолы, Торғай жолы, Қостанай қаласы мен Қостанай жолдары туралы нақты мәлімет беріледі.

«Қырғыз (Қазақ) өлкесінің Шығыс бөлігі» А.Н. Седельников, Т.П. Белоногов және П.Н. Столянский құрастырған тарауында Петропавловск қаласы, Көкшетау-Ақмола-Атбасар пошта жолдары және одан шығатын дала жолдары, Батыс Сібір теміржолы, Омбы, Павлодар, Екібастұз, Қарқаралы, Семей, Сергиополь, Көкпекті, Өскемен, Бұқтырма, Зайсан және т.б. пошта және су жолдары жайлы мағлұмат беріледі.

«Түркістан өлкесі» (1913 г.) атты XIX-шы томы осындай толық көлемді басылым болып табылады, Сырдария облысының құрамында Амудария бөлімі, Зерафшан, Ферғана облыстары, Памир таулары кірген, оған жауапты князь В.И. Масальский болды. 3 бөлім және 12 тараудан тұратын өлкенің халықтары мен көрікті жерлеріне арналған мәліметтері ұқсас қызығушылық тудырады.

«Түркістанның тарихи тағдыры және мәдени жетістіктері» атты IV тарауда ежелгі және ортағасырлық ескерткіштер, соның ішінде қалалары (Жент, Жаңакент, Яныкент, Түркістан, Отырар, Ашнас және т.б.), қорған, үңгірлер, жазулар, қирандылар көрсетіледі. Сонымен қатар, Ресейдің отарлау кезеңінде пайда болған Перовск, Қазалы, Шымкент, Ташкент, Әулие және Жетісу уездеріндегі жаңа бекіністер, станицалар мен деревнялары, сонымен қоса Верный, Жаркент, Қапал, Лепсі, Үржар, Сарқанд, Сергиополь және т.б., олардың көпшілігі кәсіби фотосуреттер және олардың орналасу карталары (Россия, 1905: 273-342). «Байланыс жолдары» тарауында дәстүрлі керуендер, доңғалақты, дала және таулы жолдар ғана емес, ар су жолдары, өзен және кеме жолдары сипатталған [4, с. 560-585].

«Тамашаланған елді мекендер мен жерлер» атты 3 бөлімінде Ташкент темір жолының және оның бойындағы стратегиялық елді мекендердің, соның ішінде Арал, Қазалы, Перовск, Түркістан, Шымкент, Ташкент, сондай-ақ басқа да шағын теміржол бекеттері нақты сипатталған (Россия, 1903: 586-619). Аталмыш ақпараттар Сырдария облысының және оның уездерінің құрылу тарихы, сондай-ақ ортағасырлық ескерткіштерді, бекіністерді, қорғандарды және басқа да тарихи, археологиялық және мәдени нысандар көрсетілген мәліметтермен жабдықталған.

Осы «Қырғыз (Қазақ) өлкесі» және «Түркістан өлкесі» екі энциклопедиялық басылым-

дарды көпшіліктің қабылдауы ондағы берліген арнайы деректер мен әдебиеттер, географиялық және есімдік көрсеткіштермен толық қамтылған.

39 томнан тұратын «Қырғыздардың (қазақтардың) жер иеленуі мәліметтері» басылымында мал шаруашылығы, егін шаруашылығы, кәсібі, тұрмысы, географиялық-климаттық жағдайларға байланысты Дала өңіріндегі қазақ көшпенділермен қатар, қоныс аударушылардың шаруашылығы жан-жақты сипатталады.

«Қырғыздардың (қазақтардың) жер иеленуі мәліметтері» статистер мен қоныс аударушы экспедициялары негізінде жиналған. Мысалы, 1896–1901 жж. Ф.А. Щербина басшылығымен Ақмола, Семей және Торғай облыстарының 12 уездерінде қазақ қоғамдастықтарының шаруашылығы, тұрғындары, жайылымдық жерлердің көлемі мен мал санын анықтау мақсатында қазақ халқының толық шаруашылық санағы жүргізілді. Ф.А. Щербина басқарған экспедицияның жұмысында көптеген қиыншылықтар болды. Мәселен Торғай облысының Ақтөбе уезін зерттеу екі рет жүргізілді – бірінші рет Қостанай уезімен қоса 1898 ж., екінші рет 1899 ж. Семей облысының Қарқаралы уезін де зерттеу екі рет жүргізілді: 1898 ж. Қарқаралы уезінің 12 болысы, Шу өзенінің отырықшы шаруалары; 1899 ж. уездің солтүстік бөлігіндегі екі болыс, сонымен қатар 1899 ж. Зайсан уезі, 1900 ж. Өскемен уезінде бірдей санақ жүргізілді. Осы экспедицияның еңбегі – XIX-XX ғғ. өмір сүрген Қазақстан территориясында ¼ халқы туралы 12 томдық басылым болып табылады (МКЗ, 1898-1909).

Жетісу, Сырдария, Семей, Орал, Торғай облыстарында 1906–1912 жж. П.А. Скрыплев (МКЗ, 1908-1913), 1908–1913 жж. П.П. Румянцев (МКЗ, 1911-1913), П.А. Хворостанский (МКЗ, 1909-1913), В.К. Кузнецов (Киргизское хозяйство, 1909-1910: 175-221) және 1904–1911 жж. А.В. Переплетчиков (МКЗ, 1910-1913) жетекшіліктерімен жинақталған статистикалық мәліметтер қазақ және қоныс аударушылардың шаруашылығын зерттеуде тарихи-географиялық сипаттағы үлкен маңызға ие материалдар.

Столыпин реформасы кезінде құрылған қоныс аударуды басқару міндеті тек бос жерлердегі шаруалардың қоныс аударуын ғана емес, сонымен қатар олардың алдын-ала зерттелуін және пайдалану бойынша ұсыныстарды әзірлеумен айналысты. Қоныс аудару басқармасының көптеген құжаттары далалық күнделіктерді, жылдық есептерді, картографиялық материалдарды қамтыды. Есептерде тек қана малдың және егістік алқаптарының саны туралы ғана

емес, сонымен қатар байырғы және ресейлік халықтарының тұрмыс жағдайы, топырақ және өсімдіктер түрлері сипатталып, қонысаударушы шаруалар мен лауазымды шенеуінік басқармасына ұсыныстар берілді. Қоныс аудару шаруашылықтарын зерттеу бірнеше жыл бойы ұзартылды, оларды түрлі топтар жүргізді.

1906–1916 жж. Қоныс аудару басқармасы шығарған тарихи-географиялық сипаттағы «Вопросы колонизации», «Памятные книжки и адрес-календари», шолулар құнды дерек көзі болып саналады. Әртүрлі шаруашылықтар мен өндірістер географиясын, Қазақстан халқының саны мен динамикасын және аймақтардың топографиялық ерекшеліктерін зерттеуде 5 томдық «Географические словари, описанные азбучным порядком» және «Географо-статистический словарь Российской империи» атты басылымдар үлкен қызығушылық танытты. Революцияға дейінгі географиялық басылымдардың ішінде, П.П. Семенов-Тянь-Шанскийдің тапсырмасымен, В. Зверинскийдің қолдауымен, жеке томдар бойынша И. Бок, Р. Маак, Л. Майков и Н. Филипповтардың «Географический Лексикон Российского Государства» (Географический лексикон, 1773) және «Географо-статистический словарь Российской империи» (Географо-статистический словарь, 1863-1885) атты еңбектері ерекше орын алады. Сөздік физикалық және экономикалық географияға бірдей назар аударатын кешенді типтегі ғылыми жұмыс. Ол географиялық объектінің сипаттамасы, әдебиеттердің толық тізімі беріледі, Ресей Империясының әртүрлі өңірлерін, соның ішінде Қазақстанды терең зерттеуге үлкен үлес қосқан ғылыми ізденіс.

Егер Ақмола, Торғай, Семей облыстарының статистикалық шолуларының мазмұнына назар аударсақ, олар шартты түрде келесі бағыттар бойынша топтастырылады: топырақ-климаттық

жағдайлардың жалпы сипаттамалары, топырақтың топографиясы; халықнаманың мәселелері бойынша материалдар; облыстар тұрғындарының шаруашылық қызметінің мәселелеріне арналған. Қазақстан үшін «Памятные книжки и адрес-календари», Орынбор, Орал, Омбы, Семей қалаларында шығатын мерзімді басылымдар құнды деректер болып табылады. Олар үш бөлімнен тұрады: анықтамалық, статистикалық кесте және аумақтың тарихи-географиялық деректік анықтамасы. Тек қана шаруашылық жөніндегі деректер ғана емес, қалалар жөнінде жазылған деректер де үлкен маңызға ие.

1880-1890 жж. П. П. Семенов-Тянь-Шанскийдің редакциясымен 19 томдық «Живописная Россия – отечество наше в его земельном, историческом, племенном, экономическом и бытовом отношении» (1881-1901 жж.) жарық көрді (Живописная Россия, 1881-1901). «Туркестан и Киргизские степи» атты X-шы томы төңкеріске дейінгі Қазақстан тарихына арналған.

Г.В. Глинканың жетекшілігімен шыққан 3 томдық «Атлас Азиатской России» (Атлас, 1914) жинағы, жер шаруашылығы және жерді орналастыру Бас басқармасының Қонысаудару басқармасы дайындаған географиялық карталары мен атласы осындай маңызға ие. Бұл жинақтың ерекшелігі, ол негізінен тақырыптық карталарды камтиды және маңызды ілеспе мәтінмен жабдықталған. Карталар негізін Бас штаб Бас басқармасының әскери топографиялық бөлімінің материалдары құрайды.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, жоғарыда көрсетілген құнды деректер, басылымдар қарастырылып отырған XIX ғ. аяғы – XX ғ. басындағы тарихи-өлкетанулық және тарихи географияның келелі тұстарын зерттеуде маңызы зор.

Әдебиеттер

Атлас Азиатской России (1914). Санкт-Петербург. «Переселенческое управление». Т. 1. Люди и порядки за Уралом. VIII, 576, II стр. с илл.; 66 л. илл., карт. Т. 2. Земля и хозяйство. 638, II стр. с илл.; 55 л. илл., карт. Т. 3. Приложения. CLV стр. Атлас. 1, 4, 24 стр. с илл.; 61 л. илл., карт. 52,7x40,8 см.

Бартольд В.В. (1966-1977). Собрание сочинений в 9-ти томах. Т. I–IX. Москва: «Наука».

Бартольд В.В. (1897). Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью 1893-1894 гг. СПб. «Типография Императорской Академии наук», 198 с.

Бартольд В.В. (1966). Собрание сочинений в 9-ти томах. Т. IV. Работы по археологии, нумизматике, эпиграфике и этнографии. Москва: «Наука». С. 19-94.

Географический Лексикон Российского Государства (1773) или Словарь, описующий по азбучному порядку реки, озера, моря, горы, города, крепости, знатные монастыри, остроги, ясашные зимовия, рудные заводы и почия достопамятные места обширной Российской Империи, собранный коллежским асессором и г. Вереи воеводой Ф. П., а с поправлениями и пополнениями изданный трудами и с предисловием Герарда-Фридриха Миллера. Москва: 14+479 с.

Географо-статистический словарь Российской империи (1863-1885). Т. I–V. Санкт-Петербург: «Типография В. Безобразова и К°».

Живописная Россия (1881-1901). Отечество наше в его земельном, историческом, племенном, экономическом и бытовом значении: [в 12 т.] / под общ. ред. П. П. Семенова. Санкт-Петербург–Москва. «Издание товарищества М. О. Вольф».

Киргизское хозяйство в Акмолинской области: повторное исследование 1907 года (1909–1910). Переселенческое управление Главного Управления Землеустройства и Земледелия. Т. I. Кокчетавский уезд; Т. II. Омский уезд; Т. III. Петропавловский уезд; Т. IV. Атбасарский уезд; Т. V. Акмолинский уезд. Переселенческое управление Главного Управления Землеустройства и Земледелия. Санкт-Петербург. «МЗИГИ. Департамент гос. земельных имуществ».

Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей (МКЗ). Акмолинская область (1898-1907). Т. I. Кокчетавский уезд; Т. II. Атбасарский уезд; Т. III. I. Акмолинский уезд; Т. XI. Омский уезд; Т. XII. Петропавловский уезд. Воронеж– Санкт-Петербург –Омск–Чернигов; Семипалатинская область (1903-1909). Т. IV. Павлодарский уезд; Т. VI. Каркаралинский уезд; Т. VIII. Зайсанский уезд; Т. IX. Усть-Каменогорский уезд; Т. X. Семипалатинский уезд. Воронеж– Санкт-Петербург; Тургайская область (1903). Т. V, VII. Воронеж.

Материалы по киргизскому землепользованию в Сырдарьинской области (1908-1913). Т. I–V. Чимкентский уезд. Ташкент. «Переселенч. Упр-е. по Сыр-Дарьинскому району».

Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева (1911-1913). Т. I. Лепсинский уезд; Т. II. Капальский уезд; Т. III. Джаркентский уезд; Т. IV. Верненский уезд. СПб. «Типография Экономия».

Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные статистической партией Тургайско-Уральского переселенческого района (1909-1913). Уральский, Темирский, Лбищенский, Тургайский, Кустанайский, Актюбинский, Иргизский уезды. Оренбург. «Типография О. Яковлева».

Материалы по повторному обследованию в 1910-1911 гг. хозяйств и землепользования киргиз Семипалатинской области (1912-1913). Т. I. Павлодарский уезд; Т. II. Усть-Каменогорский уезд; Т. III. Зайсанский уезд. Санкт-Петербург: «Переселенческое управление». Вып. 1-2.

Россия. Полное географическое описание нашего отечества (1903). Том XVIII. Киргизский край: Уральская, Тургайская, Семипалатинская и Семиреченская области. Под редакцией В.Н. Семенова. Санкт-Петербург: «Изд. А.Ф. Девриена». 517 с.

Россия. Полное географическое описание нашего отечества (1905). Том XIX. Туркестанский край: Туркестанский край: Сыр-Дарьинская область, Аму-Дарьинский отдел, Зарявшанская и Ферганская области с Памиром. Санкт-Петербург: «Изд. А.Ф. Девриена». 428 с.

References

Atlas Aziatskoy Rossii (1914). [Atlas Of Asian Russia]. Sankt-Peterburg: «Pereselencheskoye upravleniye». Т. 1. Lyudi i poryadki za Uralom. VIII, 576, II str. s ill.; 66 l. ill., kart. Т. 2. Zemlya i khozyaystvo. 638, II str. s ill.; 55 l. ill., kart. Т. 3. Prilozheniya. CLV str. Atlas. 1, 4, 24 str. s ill.; 61 l. ill., kart. 52,7x40,8 sm.

Bartol'd V.V. (1966-1977). Sobraniye sochineniy v 9-ti tomakh. [Collected works in 9 volumes]. Т. I–IX. Moskva: «Nauka».

Bartol'd V.V. (1897). Otchet o poyezdke v Srednyuyu Aziyu s nauchnoy tsel'yu 1893-1894 gg. [Report on a trip to Central Asia for scientific purposes 1893-1894]. Sankt-Peterburg: «Tipografiya Imperatorskoy Akademii nauk». 198 s.

Bartol'd V.V. (1966). Sobraniye sochineniy v 9-ti tomakh. [Collected works in 9 volumes]. Т. IV. Raboty po arkheologii, numizmatike, epigrafike i etnografii. Moskva: «Nauka». S. 19-94.

Geograficheskiy Leksikon Rossiyskogo Gosudrstva (1773), ili Slova', opisuyushchiy po azbuchnomu poryadku reki, ozera, morya, gory, goroda, kreposti, znatnyye monastyri, ostrogi, yasashnyye zimoviya, rudnyye zavody i pochiya dostopamyatnyye mesta obshirnoy Rossiyskoy Imperii, sobrannyy kollezhskim asessorom i g. Verei voyevodoy F. P., a s popravleniyami i popolnениями izdannyy trudami i s predisloviyem Gerarda-Fridrikha Millera. [Geographical Lexicon Of The Russian State]. Moskva: 14+479 s.

Географо-статистический словарь Российской империи (1863-1885). [Geographical and statistical dictionary of the Russian Empire]. Т. I–V. Sankt-Peterburg: «Tipografiya V. Bezobrazova i K°».

Живописная Россия (1881-1901). [Picturesque Russia]. Отечество наше в его земельном, историческом, племенном, экономическом и бытовом значении: [в 12 т.] / под общ. ред. П. П. Семенова. Санкт-Петербург: – Москва. «Издание товарищества М. О. Вольф».

Киргизское хозяйство в Акмолинской области: повторное исследование 1907 года (1909-1910). [Kyrgyz agriculture in Akmola region: reexamining 1907]. Pereselencheskoye upravleniye Glavnogo Upravleniya Zemleustroystva i Zemledeliya. Т. I. Kokchetavskiy uyezd; Т. II. Omskiy uyezd; Т. III. Petropavlovskiy uyezd; Т. IV. Atbasarskiy uyezd; Т. V. Akmolinskiy uyezd. Pereselencheskoye upravleniye Glavnogo Upravleniya Zemleustroystva i Zemledeliya. Sankt-Peterburg. «MziGI. Departament gos. zemel'nykh imushchestv».

Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей (МКЗ). [Materials on Kyrgyz land use] Akmolinskaya oblast' (1898-1907). Т. I. Kokchetavskiy uyezd; Т. II. Atbasarskiy uyezd; Т. III. Akmolinskiy uyezd; Т. XI. Omskiy uyezd; Т. XII. Petropavlovskiy uyezd. Voronezh- Sankt-Peterburg: -Omsk-Chernigov; Semipalatinskaya oblast' (1903-1909). Т. IV. Pavlodarskiy uyezd; Т. VI. Karkaralinskiy uyezd; Т. VIII. Zaysanskiy uyezd; Т. IX. Ust'-Kamenogorskiy uyezd; Т. X. Semipalatinskiy uyezd. Voronezh- Sankt-Peterburg;; Turgayskaya oblast' (1903). Т. V, VII. Voronezh, 1903.

Materialy po kirgizskomu zemlepol'zovaniyu v Syrdar'inskoy oblasti (1908-1913). [Materials on Kyrgyz land use]. T. I–V. Chimkentskiy uyezd. Tashkent. «Pereselench. upr. po Syr.-Dar'in. r-nu».

Materialy po obsledovaniyu tuzemnogo i russkogo starozhil'cheskogo khozyaystva i zemlepol'zovaniya v Semirechenskoj oblasti (1911-1913), sobrannyye i razrabotannyye pod rukovodstvom P.P. Rumyantseva. [Materials on Kyrgyz land use]. Sankt-Peterburg: «Tip. «Ekonomiya».

Materialy po kirgizskomu zemlepol'zovaniyu, sobrannyye i razrabotannyye statisticheskoy partiyey Turgaysko-Ural'skogo pereselencheskogo rayona (1909-1913). [Materials on Kyrgyz land use, collected and developed by the Statistical Party of the Turgai-Ural'sky resettlement area] Ural'skiy, Temirskiy, Lbishchenskiy, Turgayskiy, Kustanayskiy, Aktyubinskiy, Irgizskiy uyezdy. Orenburg. «Tipografiya O. Yakovleva».

Materialy po povtornomu obsledovaniyu v 1910-1911 gg. khozyaystv i zemlepol'zovaniya kirgiz Semipalatinskoy oblasti (1912-1913). [Materials on Kyrgyz land use]. T.I. Pavlodarskiy uyezd; T. II. Ust'-Kamenogorskiy uyezd; T. III. Zaysanskiy uyezd. Sankt-Peterburg: «Pereselencheskoye upravleniye». Vyp. 1-2.

Rossiya. Polnoye geograficheskoye opisaniye nashogo otechestva (1903). [Russia. Full geographical description of our country]. Tom XVIII. Kirgizskiy kray: Ural'skaya, Turgayskaya, Semipalatinskaya i Semirechinskaya oblasti. Pod redaktsiyey V.N. Semenova. Sankt-Peterburg: «Izd. A.F. Devriyena». 517 s.

Rossiya. Polnoye geograficheskoye opisaniye nashogo otechestva (1905). [Russia. Full geographical description of our country]. Tom XIX. Turkestanskiy kray: Turkestanskiy kray: Syr-Dar'inskaya oblast', Amu-Dar'inskiy otdel, Zaryavshanskaya i Ferganskaya oblasti s Pamirom. Sankt-Peterburg: «Izd. A.F. Devriyena». 428 s.